

Приезд высокого гостя



27 февраля с рабочим визитом в Уральск прибыл министр культуры и информации Республики Казахстан Мухтар Абраарулы Кул-Мухаммед, возглавивший информационно-пропагандистскую группу представителей центральных республиканских госорганов и министерств. На следующий день он посетил один из старейших вузов нашей страны – Западно-Казахстанский государственный университет им. Махамбета Утемисова. Министра культуры и информации сопровождал аким Западно-Казахстанской области Нурлан Аскарлович Ногаев.

Высокие гости посетили музей ЗКГУ, ознакомились с материалами и печатными изданиями ученых университета, Стратегией развития вуза, работой научно-исследовательского центра «Махамбет». С новинками IT-технологий познакомил директор Департамента информационных технологий Д.Г.Габдуллаев.

Продолжение на 2 стр.

**«Лучший преподаватель
вуза 2013»**

8 стр.

АУҒАН АҚИҚАТЫНАН...

9 бет

СПОРТ



10 стр.

«Жас зерде» - мы первые!

12 стр.

Обновлен сайт ЗКГУ

15 стр.

Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев в ежегодном Послании народу Казахстана, озвученном в пятницу, обозначил ключевые задачи реализации «Стратегии-2050».

1. Патриотизм. Будет разработан и принят новый документ, закрепляющий ключевые ценности казахстанского общества - Патриотический акт «Мәңгілік ел».

2. Инновации. Конкретным результатом каждой следующей пятилетки станет создание новых отраслей экономики, в первую очередь - мобильных и мультимедийных, нано- и космических технологий, робототехники, геномной инженерии, поиска и открытия энергии будущего.

3. Геология. Казахстан должен выйти на мировой рынок в области геологоразведки. В эту отрасль после упрощения соответствующего законодательства будут привлечены инвестиции зарубежных инжиниринговых компаний.

4. Сельское хозяйство. Благодаря развитию аграрной науки, в том числе разработке генно-модифицированных культур, Казахстан станет одним из крупных региональных экспортеров продукции сельского хозяйства.

5. Наука. Иностранные инвестиции будут всецело использованы для трансфера в нашу страну знаний и новых технологий. Будут созданы совместно с иностранными компаниями проектные и инжиниринговые центры, в технопарках размещены дополнительные производственные крупнейших казахстанских компаний.

6. Территориальное развитие. Первыми современными урбанистическими центрами станут крупнейшие города - Астана и Алматы, далее - Шымкент и Актөбе. Они также станут центрами науки и притяжения инвестиций и населения.

7. Транспорт. Будет активно развиваться сектор логистических услуг. Для транспортировки грузов максимально будут использоваться территории Таможенного союза. В перспективе Казахстан начнет инвестировать в создание логистических центров в странах, имеющих выход к морю.

8. Энергетика. В ходе подготовки к EXPO-2017 Астана станет центром изучения и внедрения лучшего мирового опыта по поиску и созданию

Ключевые задачи реализации «Стратегии-2050» обозначил Назарбаев в послании народу



энергии будущего и зеленой экономики. Будет построен новый нефтеперерабатывающий завод, начнется развитие ядерной энергетики, в том числе - строительство атомных станций.

9. МСБ. Малый и средний бизнес будет развиваться вокруг новых инновационных предприятий. Для этого план второй пятилетки индустриализации будет совмещен с Дорожной картой бизнеса-2020».

10. Экономика. Будет внедрена наукоемкая модель экономики, которая позволит увеличить до 70% долю несырьевой продукции в казахстанском экспортном потенциале. Рост финансирования науки будет составлять не менее 3% от ВВП.

К 2050 году Казахстан станет одной из самых безопасных и комфортных стран мира, считает Президент РК Нурсултан Назарбаев.

«Утверждение здорового образа жизни и развитие медицины позволят увеличить продолжительность жизни казахстанцев до 80 лет и выше (к 2050 году - КазТАГ). Казахстан станет одним из ведущих евразийских центров медицинского туризма, завершится формирование передовой национальной образовательной системы», - сказал Н. Назарбаев, озвучивая ежегодное послание народу Казахстана «Казахстанский путь-2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» в пятницу. При этом глава государства отметил, что до 2050 года необходимо увеличить в Казахстане объем ВВП на душу населения с \$13 тыс. до \$60 тыс.

Также, по его словам, к этому времени, следуя глобальной тенденции урбанизации, доля городских жителей достигнет 70% населения. Города и населенные пункты свяжут качественные дороги, скоростные маршруты всех видов транспорта.

Выращивание генно-модифицированных культур в Казахстане будет активно развиваться, считает Президент РК Нурсултан Назарбаев.

«Того, чего люди не знают, того страшатся. Ничего в этом такого нет. Генно-модифицированные культуры будут резко распространяться по всему миру. Такова сегодня потребность. Это (ГМО - КазТАГ) не является чем-то несъедобным. Наоборот» - сказал Н. Назарбаев, озвучивая ежегодное послание народу Казахстана «Казахстанский путь-2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» в пятницу. По его словам, в Казахстане необходимо развивать аграрную науку, создавать экспериментальные агроинновационные кластеры.

Обеспечить повышение стипендий для студентов в Казахстане на 25% с 2016 года поручил правительству Президент РК Нурсултан Назарбаев.

«Поручаю правительству обеспечить повышение с 1 января 2016 года размера стипендий на 25%», - сказал Н. Назарбаев, озвучивая ежегодное послание народу Казахстана «Казахстанский путь-2050: единая цель, единые интересы, единое будущее» в пятницу. По его мнению, в Казахстане необходимо создать эффективную систему поддержки студентов вузов и колледжей для высокой успеваемости.

Казахстанцам нужно не ждать манны небесной, а трудиться, считает Президент РК Нурсултан Назарбаев.

«Мы ежегодно, а не через 30-50 лет, будем улучшать жизнь наших граждан. Стратегия - это программа конкретных практических дел, которые день за днем, из года в год будут делать лучше страну и жизнь казахстанцев, но каждый должен понимать и знать - в нынешних условиях не надо ждать манны небесной, а эффективно каждому трудиться, тогда в семью и лично для себя придет благополучие», - сказал Н. Назарбаев, озвучивая ежегодное послание народу Казахстана «Казахстанский путь-2050 - единая цель, единые интересы, единое будущее».

По его словам, задачей государства станет создание условий для этого.

КазТАГ

Приезд высокого гостя

(Окончание. Начало на 1 стр.)

С рассказа об истории учебного заведения начал экскурсию по музею кандидат филологических наук, доцент кафедры «Казахская филология» С.Г.Шарабасов. Большой интерес вызвали галерея портретов ректоров вуза, стенды об именитых выпускниках, о спортсменах, выставка ювелирных изделий работ преподавателей и студентов специальности «Прикладное искусство». Отдельно остановился у стенда с книгой Зейноллы Кабдолова и выставки редких изданий. На фоне панно с изображением Исатая Тайманова и Махамбета Утемисова было сделано памятное фото.



Внедрение инноваций в учебный процесс – одна из важнейших задач современности. В ЗКГУ немало делается для того, чтобы шагать в ногу со временем. Департамент информационных технологий представил для гостя интерактивный промоутер, или виртуального гида. Гости также побывали в видеоконференц-зале, в котором проходило прослушивание студентами онлайн-лекций ученых Оренбургского государственного университета (РФ), посмотрели работу учебного телевидения, разработку 3D-моделей с применением технологий дополненной реальности, вызвали интерес интерактивные столы.

Ветеран Великой Отечественной войны, старейший преподаватель нашего вуза кандидат исторических наук, руководитель музея Павел Романович Букаткин провел экскурсию, о чем в книге отзывов министр М.А.Кул-Мухаммед оставил памятную запись.



В актовом зале университета министра культуры и информации РК М.А.Кул-Мухаммеда, акима Западно-Казахстанской области Н.А.Ногаева, представителей акимата, общественности республики и области, работников культуры приветствовали преподаватели и студенты ЗКГУ.

Свое выступление Мухтар Аброрулы начал с вопроса о том, когда и где прозвучало первое Послание Президента народу Казахстана.

–Свой вопрос я адресую залу не как министр, а как ваш коллега, как профессор, – сказал, изрядно смутив вопросом студентов и преподавателей, выступающий.

Но такое общение с залом – доверительное и на равных – пришлось по душе. Познавательная лекция, больше похожая на диалог, не оставила равнодушных. Легко переходя с казахского языка на русский и с русского на казахский язык, Мухтар Кул-Мухаммед сделал небольшой экскурс в историю. Он отметил особую значимость в истории нашей республики первого Послания Президента страны, когда в 1997 году была озвучена судьбоносная для Казахстана Стратегия «Казахстан-2030». Именно в этом исторически важном документе были определены семь основных направлений социально-экономического и политического развития государства. Послание Главы государства 2005 года обозначило важнейшие ориентиры государства на пути к ускоренной политической, экономической и социальной модернизации. Были приняты пять государственных программ: по индустриальному развитию, здравоохранению, образованию, занятости населения и развитию государственного языка, которые успешно реализуются.

–Как отцы-основатели стали авторами Декларации прав граждан США, так президент Нурсултан Назарбаев стал автором Конституции, финансовой системы, названия и дизайна казахстанской валюты. Одному человеку удалось стать отцом основателем молодого государства. Проводя эту параллель, хочу отметить, что нет ничего плохого в том, чтобы перенять у великой мировой державы лучшее. Интеграция в мировое пространство – наша цель. И рад, что ЗКГУ – в Болонском процессе.

Послание Лидера нации Нурсултана Назарбаева от 2013 года подвело итоги 20-летнего пути Казахстана под флагом Независимости, реализации стратегии «Казахстан-2030». Логическим продолжением начатого является Послание Президента страны от 17 января 2014 года «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее», которое, как и все предыдущие обращения Главы государства к народу Казахстана, определяет будущие перспективы развития казахстанского общества.



Как отметил М. Кул-Мухаммед, главным условием успешного выполнения задач, поставленных в ежегодных посланиях Президента, являются мир и стабильность в казахстанском обществе. Это важнейшее достояние нашей независимости, результат мудрой политики Н. Назарбаева, направленной на укрепление межэтнического и межконфессионального согласия. Для сравнения М.Кул-Мухаммед с горечью обратил внимание на события в Украине. «Это братский народ, долгое время мы жили в одном государстве, учились по одним учебникам, следовали одним нравственным ценностям. Нетрудно увидеть, что отсутствие взаимопонимания в обществе парализует и политическую, и экономическую ситуацию в стране. Поэтому надо ценить мир и согласие в нашем общем доме».

–У нас многонациональное государство, в единстве всего народа кроется главная причина нашего процветания, – отметил министр.

Обращаясь к молодежи, министр Мухтар Кул-Мухаммед особо обратил внимание на значимость культуры и знаний, которые, однажды приобретенные, никогда не устареют, не станут раритетами, как стал раритетом видеоманитон – в недалеком прошлом символ богатства человека. Культура и объекты культуры во всем мире сохраняют свою ценность и значимость. Именно поэтому Астана-опера является одним из символов нашего народа.

– Конечно, уверенность в завтрашнем дне нам обеспечивает и укрепление казахстанской экономики, – отметил министр. – Золотовалютный запас нашего государства сейчас составляет около 100 млрд. долларов. Для сравнения: в период прошлого кризиса М. Горбачев просил у Запада 50 млн. долларов для экономики бывшего СССР, и это было спасением в той ситуации.

Министр культуры и информации подчеркнул, что плоды созидательных усилий казахстанцев в рамках политики нашего Главы государства видны и в Западно-Казахстанской области, где за годы Независимости ВВП на душу населения вырос на 14%. В рамках программы форсированного индустриально-инновационного развития только в прошлом году освоено три крупных проекта на сумму около 2 млрд. тенге.

По окончании выступления министр ответил на вопросы. В частности, на вопрос о переходе на латиницу заявил, что создана рабочая группа из числа ученых, идет необходимая работа, окончательный вариант алфавита еще не разработан, хотя о сроках перехода пока речь не идет. Личное же мнение министра – он «за».

В завершение встречи высокий гость пожелал молодежи удач и творческих побед.



Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
профессор, педагогика ғылымдарының докторы,
М. Оттемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті жанындағы
«Махамбет» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығының директоры

Елбасы Жолдауы – «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру жолындағы тірек

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың әр жылдағы Жолдауын ерекше ықыласпен, аса қызығушылықпен күтетіміз рас. Дәлірек айтсақ, Президенттің әр жылдағы Жолдауынан еліміздің даму барысына қатысты тың жаңалық күтеміз. «Кеңес қылған ел азбас, кеңінен пішкен тон тозбас» дегендей, Елбасымыздың биылғы 2014 жылғы 18-інші Жолдауы да елдің еңсесін көтерген, елдік идеяларға толы бірегей стратегиялық тарихи құжат болды. Егер де Елбасы 2013 жылы «Қазақстан - 2050» стратегиясын – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты тұрғысында жарияласа, жаңа Жолдауда дамыған 30 елдің қатарына кіру жоспарын нақтылы шегелей ұсынды. Елді іс біріктіреті, сөз бұзары хақ десек, Елбасы Жолдауында инновациялық индустрияландыру тренді түзу әрі күшейте түсу; еліміздің агроөнеркәсіп кешенін инновациялық бағытқа бойлату; ғылыми қамтымды экономика құру; ел ғылымының әлеуетін арттыру; инфрақұрылымдық ұштаған – агломерацияның, көліктің, энергетиканың қарқынды дамуын қамтамасыз ету; шағын және орта бизнесті мемлекетіміздің индустриялық және әлеуметтік тұрғыда жаңғыртудың басты құралы ретінде дамыту; болашаққа барар жолымызда қазақстандықтардың әлеуетін еселейтін тың мүмкіндіктер жасау; мемлекеттік институттар жұмысын жетілдіру салаларында атқарылар, ел дамуын биіктетер басты-басты мәселелерге орынды тоқталды. Елбасымыз талжылмастан телеэкранға зер салып, сүйенер ұлының әрбір сөзін қалт жібермей, мұқият тыңдап отырған туған халқының мерейін тасытып, рухын көтеріп, соны серпіліс жасай білді.

Ел қуатты болмай, қуаныш тұрақты болмайды. Дамыған ел – белсенді де білімді, денсаулығы мықты тұлғалары бар мемлекет. Бізге мәлімі, күллі дамыған елдердің сапалы да қалыптасқан бірегей білім беру жүйесінің толымдылығы. Демек, ұлттық білім берудің барша буынының сапасын жақсартуда бізге ауқымды да кешенді істерге бел шеше кірісу қажет. Мәселен, бұл орайда мектепке дейінгі білім беру саласына заманауи бағдарламаларды, ұлттық негізде оқытудың тиімді әдістемелерін даярлаудың қажеттігі, сәйкесінше бұған білікті мамандардың керектігі, ал орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізудің басты назарда ұсталуы. Бұған қоса Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Мектеп тұлғалары қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білуге тиіс. Оларды оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен апаратын терең талдау машығын игеруі болуға тиіс», - деп атап көрсетеді. Демек, бұл тұжырымдар ағарту, білім беру саласы мамандарына еселенген зор жауапкершілік жүктері даусыз.

«Тозар елдің жанжалы, озар елдің арманы бітпес» дегендей, Елбасының жетекші университеттерді академиялық және басқарушылық автономияға біртіндеп көшіруге жоспарлы түрде кірісу қажеттілігін атауы жоғары оқу орны профессор-оқытушылар ұжымына да терең ой салады. Бұл мәселе алдыңғы реттерде де сыналап айтылып жүргені мәлім.

Халықтың жаны ана тілінде. Ана тіліміз – рухани тірегіміз де. Ел Президенті Жолдауда қазақ тілінің бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналғанын, тек соңғы үш жылда мемлекеттік тілді дамытуға республика бойынша 10 миллиард теңге қаржы бөлінгенін айта келе: «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды. Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн», - деуі, қазақ елінің әр ұланының кеудесін қуанышқа толтырады. Қазіргі сан қатпарлы аумалы-төкпелі күрделі кезеңде ел мерейін тасытар, алғы бағыттарымызға мығым сенім ұялатар, ілгергі тұсқа қарышты қадам жасатар осындай түйін-тұжырымдарды жалтақсыз айтар тау Тұлғамыз - Елбасымыздың барлығына шүкіршілік етеміз. Елбасымыз – қазақ елінің көшбасшы тұлғалары. Демек, тұлғалары озған елдің тайы да озарына сенсек, бұл бағыттағы түйінді тұжырым – ұлт ұрпағына зор қуат берер қағида.


Қашан да ел дамуының әр қадамы ғылыми негізді болғанға не жетсін. Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан - 2050» стратегиясындағы басты мақсаттарға жетуді көздейтін күллі іс-әрекетіміз негізделер нақтылыққағидаттар сапынан қабылданатын барлық шешімдердің прагматизмі мен эволюциялылығын; өзара тиімді ашықтықты; қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруды; бүкілхалықтық қолдауды баса атайды.

Биылғы Жолдаудың ерекше құнды арнасы – Мәңгілік Ел идеясына басым мән берілуі. Бұл ретте Елбасы: «Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы», - деп түйіндейді. Иә, Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың ықылым ғасырлардан бергі асыл арманы екені белгілі. Болашағымызға айқын бағыт-бағдар беретін де, ұлтымызды ұжымшылдыққа ұйыстыратын да, межелі ұлы мақсаттарға жетелейтін де осы Мәңгілік Ел идеясы екені анық.

Қысқасы, биылғы 2014 жылғы Президентіміздің Қазақстан халқына Жолдауы – сан тарау салихалы пайымдармен өрілген, елімізді өркендету ересіне өркендету есірген, ең бастысы Қазақстан халқына ерекше толғаныс, қозғалыс, серпіліс берген ерен құжат болды. Ендігі айпағымыз, қашан да мақсатымыз айқын, мүддеміз бірегей, болашағымыз баянды бола бергей! Ал қазіргі таңдағы ерқайсымыздың міндетіміз масылдыққа жол бермей, ел ертеңі үшін еңбек етіп, белсене тер төгу екенін естен шығармайық, ағайын!

Елбасы саясаты – айқындалған мақсат

Ж.Қ. Нұрмұханов,
4 курс студенті.



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың интеллектуалды мемлекет құру, соның ішінде шет елде білім алу саясаты бірден-бір көрегенді саясат деп ойлаймын. Соның бір дәлелі – қос диплом бағдарламасы. М.Оттемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Тарих» мамандығы бойынша оқи жүріп, 2012 жылдың ақпан-сәуір және қазан-желтоқсан айлары аралығында Польша мемлекетінің Быдгощ қаласындағы Халықаралық Туризм және Мәдениет институтында оқып, сонымен қатар эсперанто және поляк тілдерін үйрендім. Германия, Франция, Нидерланды, Люксембург, Бельгия елдерінде сараманнан өттім. Быдгощ қаласында эсперантшылар қоғамының ұйымдастыруымен «Эсперанто» көпірінің ашылу салтанатының тұсаукесері маған бұйырғанын мақтанышпен айтқым келеді. Сонымен бірге Қазақстан эсперантшылар қоғамының мүшесі болып қабылдандым. Мұның бәрі - осы бағдарламаның жемісі. Сонымен қатар Елбасымыздың саясатын қолдап отырған университет ректоры Иманғалиев Асхат Сәлімұлына алғысымды білдіремін. Бұл бағдарлама жастар мен студенттердің білімін арттыруына септігін тигізетініне сенімім мол.

А.Т.Баялышбаева, С.С.Альмурзина,
магистранты 1-го курса филологического факультета

С началом нового 2014 года мы услышали восемнадцатое по счету Послание Президента РК, посвященное выполнению Стратегии «Казахстан-2050». Принятие и путь осуществления Стратегии - верный путь для становления и развития страны в ряду 30-ти самых развитых стран мира, и эту задачу глава государства ставит на первый план. Чтобы достойно войти в этот список, мы проходим через нелегкие, даже порою кардинальные перемены как в социальной среде, так и политической.

Как представители образовательной среды хочется отметить ряд вопросов в сфере образования: обеспечение дошкольного образования всем детям 3-6 лет; переход школ на двухуровневое обучение, где это необходимо; упор общеобразовательных школ на развитие критического мышления у школьников, их самостоятельный поиск при получении знаний, применения ими новых технологий. Предполагается помощь молодым

людям, не имеющим возможности самостоятельно оплачивать обучение, в получении достойного образования. В планах создание по всей стране системы специализированных учебных заведений научно-исследовательского и прикладного образования, учитывающих региональную специализацию. Законодательно закрепить обязательную производственную практику на предприятиях, начиная со второго курса обучения в вузе, в системе образования предстоит произвести модернизацию методики преподавания, широко внедрить инновационные методы, включая дистанционное обучение.

Государство создает все условия для того, чтобы мы трудились и год за годом прокладывали пути улучшения страны и жизни казахстанцев.

Төрехан Ерсайынұлы Дүйсенбаев,
М.Оттемисов атындағы БҚМУ-дың студенттік президенті:

- Елбасының Қазақстан халқына дәстүрлі жыл сайынғы Жолдауын бір кісідей тамашалап үлкен әсер алдым. Ең бастысы – еліміздің рухын көтеретін, ұлы мақсаттарға жеткізетін «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы жарияланды. Елбасы әрбір Жолдауында жастарға үлкен сенім артып, нақты тапсырмалар жүктейді. Биылғы Жолдауда Елбасы жақсы оқитын студенттерді қолдаудың тиімді жүйесін құру керек екендігін және 2016 жылдың 1-қаңтарынан бастап студенттердің шәкіртақысын 25%-ға көтеру керектігін айтты, алаштың болашағы бүгінгі студенттің қолында емес пе? Сондықтан да, Елбасы студенттерімізге көңіл қуантар қолдаулар көрсетіп жатыр, бұл - Елбасының студент жастарға болашақ ел тұтқасын ұстар жас мамандарға артып отырған сенімі. Сонымен қатар Елбасы: «Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік Тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн», - деді.

Өріне, Елбасының жұма күні халыққа арнаған Жолдауы барша ел жастарының болашаққа нық сеніммен қарауға, алға қойған мақсаттарына талмай еңбек етуге үлкен септігін тигізеді деген ойдамын. Енді біздің міндетіміз - Мағжанша айтқанда, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты болып, Елбасының арқан сенімін ақтап, еліміздің дамуына өз үлесімізді қосу. Еліміздің болашағы жастардың еңбекорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан жұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті.

МӘНГІЛІК ЕЛ БОЛУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖОЛДАМА

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауының басты мақсаты – жаһандану кезеңінде кез келген қауіп-қатерге төтеп бере алатын өлемнің дамыған 30 елі қатарына енетін Мәңгілік ел болу. Өріне осы өлемнің де мәңгілік екеніне ешкім көпілдік бере алмаса да, Жер шарында тіршілік жалғасып тұрған кезде Қазақ елінің Туы әрдайым желбіреп тұруы керек. Жүрегі «Елім» деп соққан әрбір қазақ баласы осы мақсатта еңбектенуі қажет. Ол үшін: Қазақстан халқы мына қасқыр заманда түлкі бұлаңға салынбайтын, шынайы адам қалпымызды жоғалтпайтын, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүруден аулақ болатын, ар-ожданының алдында әр уақытта есеп беріп жүретін адам болып қалыптасу керек.

Мәңгілік ел болу - кез-келген елдің арманы десек те болады. Сондықтан да біздің елдің ұрпағына қалдыратын мәңгілік мұрасы мейлінше көп болуы керек, сонда ғана біздің елдің ғұмыры мәңгі болады. Бүгінде Қазақстан халқының аспаны ашық, алды даңғыл, айы оңынан туып, жолы оңарылған. Еліміз ертеңгі еншісін еркін иеленуге батыл қадам басып барады. Дегенмен, замана – соққан жез, қай жерде құйын көтеріліп, қай кезде самал есерін ешкім тап басып айта алмайды. Кез келген қатерге тойтарыс беріп, тығырықтан тынысы тарылмай шығу үшін қиындықтарға тынбай шыдас беретін айқын мақсат пен сол жеже адастырмалы апаратын нақты жоба-жоспар керек. Болашаққа деген сенім, барлық азаматтардың тең құқылығы мен олардың Отан алдындағы ортақ жауапкершілігі, қазақ тілінің ұлттық ұйыстырушы рөлі, құндылықтардың бірлігі мен дәстүрлердің даралығы атты қасиетті ұғымның ажырамас бөлігі. Стратегия мемлекетіміздің дамуындағы үлкен бір белесті айқындап берген, келешегіміздің бағдаршамы іспетті болып отыр. Мына жаһандану заманында жол ұзақ және ауыр. Жас ұрпақтың елі үшін жасар ісі ғылыммен айналысып, демографияны дамытып, өз шамасы келгенше жаңалық ашып, қоғамға пайдасын тигізер заманауи құрылғылар ойлап табу болса деймін. Өріне ол үшін жас ұрпаққа да жағдай жасалып, қажеттіліктеріне қолжетімді болуы керек.

Қазіргі уақытта жастар үшін ең ахуалды мәселелердің бірі - баспана мәселесі. Баспана мәселесі шешілсе еліміздің демографиялық ахуалының да жақсаруына әсер етер еді. Бүгінгі таңда баспана мәселесінің ауыртпашылығы халқымыздың санының артуына, жастардың ойындағы жоспарын орындауына, еліміздің дамуына кері әсер етуде. Сондықтан, қолжетімді бағаман жалға тұрғын үйлер салынып, жас отбасылардың арзан бағамен пәтер алуына мүмкіндік берілуі керек. Жолдауда келтірілген негізгі құндылықтарды жүзеге асыру - біздің міндетіміз. Осы құндылықтардың бірі - тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы. Қалай дегенде де елдің елдігін, ұлттың ұлттығын танытатын басты белгі – өзінің төл мәдениеті. Қай мемлекетте де қадірлі қонақтар, шетелдік туристер сол елмен танысқанда оның зауытына, фабрикасына бармайды, музейлеріне, концерт залдарына барады, бұл елдің қандай байлары болған, қазір қандай бизнесмендері бар демейді, қандай ұлы жазушылары, ақындары, композиторлары, суретшілері болған, қазіргі мәдениетінде өлеп таныған қандай тұлғалары бар дейді. Өйткені, халықтың жаны мәдениетінен танылады. Екіншіден - қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. Біздің бүгінгі аяқ алысымыз да, кешегі сессия да әрбір қазақстандық өзін осы елдің перзенті сезінетінін, өз елінің баянды болашағына риясыз сенетінін көрсетті. Ендеше, осынау баға жетпес асыл қазынамызды, шексіз құндылығымызды көздің қарашығындай сақтап, жетілдіріп, тәуелсіздігімізді баянды етер биік тұғыр ете білуіміз керек. Тарихы ғасырларға емес, тұтас дәуірлерге сіңетін, жасампаз істері мыңжылдық мадаққа лайық болып, ұрпақ сабақтастығымен буыннан буынға ұласып, ешқашан өшпейтін ел болу Қазақ елінің ең асыл мұраты десек, осы Мәңгілік елге бізді бастайтын бірден-бір жол – барша қазақстандықтардың Бірлік жолы.

Г.А. УЗАКБАЕВА,
физика және математика кафедрасының оқытушысы

Ендеше, жастар еңбек жолына түскенде ғана қоғамды өрге бастыра алады.



Айгерім Амангелді,
Н.А.Назарбаев атындағы шәкіртақы иегері,
педагогика факультетінің студенті:

- Елбасы биылғы Жолдауында да жастарға үлкен сенім арта отырып, оларға жағдай жасау керектігін баса айтты. Мәселен, 2016 жылдан бастап студенттердің шәкіртақысын 25 пайызға өсетіндігін мәлімдеді. Бұл мәселе Жолдауда былайша көрініс тапқан: «Үлгерімі жақсы студенттер мен оқушыларды қолдаудың тиімді жүйесін жасау қажет деп санаймын. Үкіметке 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап стипендиялар мөлшерінің 25 пайызға өсірілуін қамтамасыз етуді тапсырамын».

Өріне, мұндай үстемеден білім алушылардың қай-қайсысы да дәмелі екені даусыз. Ендеше, олар енді жақсы үлгерімге қол жеткізу үшін тырыса түспек.

Елбасының бұл Жолдауы жастарға үлкен күш-жігер берді. Білім деңгейі жоғары, өз мамандықтарын терең меңгерген, өз елі үшін жан аямай тер төгетін азамат болу, Елбасы үмітін ақтау – біздің басты парызымыз.

Барлық жастарды осы сенім үдесінен шығуға шақырамын. Ендеше, соған бар күш-жігерімізді жұмсайық,- дегім келеді.

Единый народ – единые цели

24 января состоялось собрание профессорско-преподавательского состава по обсуждению Послания Главы государства Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее». В собрании также приняли участие ветераны университета, студенты.

Во вступительном слове ректор ЗКГУ А.С.Имангалиев кратко охарактеризовал все основные пункты Послания. Асхат Салимович имел честь слушать Послание непосредственно в зале Дворца Независимости в Астане. И в своем докладе смог передать позитивный настрой торжественного момента. Казахстан успешно движется на пути экономического и политического роста. Новое Послание ставит перед народом новые цели, которые будут способствовать всестороннему развитию всего казахстанского общества. Говоря о вузовском образовании, он остановился на необходимости укрепления связи науки и производства. В ЗКГУ успешно осуществляются проекты, в числе которых проект ученых-химиков по использованию нефтяного шлама.

Особое внимание уделено в Послании образованию, начиная с первых его ступеней. Поставлена цель 100-процентного обеспечения детскими садами детей в возрасте 3-6 лет. Современная казахстанская школа и педагогические вузы должны обеспечить условия для внедрения трехязычия. В нашем университете внедрен пилотный проект на базе физико-математического факультета. Этот опыт должен быть продолжен, расширен диапазон системы полиязычия.

Ректор А.С.Имангалиев сказал о

подготовке необходимых документов по новой специальности «Дошкольное воспитание и начальное обучение».

С 2016 года будет повышение стипендии студентам, что является очень важным моментом. Студенты должны быть сосредоточены на учебе, а не думать о подработках. Автономизация вузов предполагает финансовую самостоятельность, мобильную свободу, что должно положительно сказаться на качестве учебного процесса.

Было сказано и о национальной идее – «Мәңгілік ел». Идеологический вакуум, образовавшийся после распада Союза, должен быть заполнен новым содержанием. У молодежи и нации в целом должна быть общая идея. Ориентиры были самые различные. Но главная ценность, которую имеет наш народ – наша земля, наша индивидуальность, которую необходимо сохранить.

У нас большие планы, и следует всем обществом сплотиться для решения этих задач, поскольку они носят общенациональный характер. Важность данного документа в том, что это касается всех положений Послания. Ведь Елбасы обращается ко всей нации, ко всем гражданам с требованием сообща взяться за строительство благополучного, успешного Казахстана. Поэтому мы говорим о «Мәңгілік



ел» как об объединительной идеологии нашего народа.

На собрании также выступили А.С.Кдиришев, д.п.н., профессор, директор НИЦ «Махамбет» - «Послание Президента – основа на пути реализации национальной идеи «Мәңгілік ел», Нестеренко Г.И., к.э.н., доцент, декан факультета экономики и управления – «Развитие малого и среднего бизнеса как одно из направлений роста экономики», Шайхиев Т.Т., ст. преподаватель кафедры «Всемирная история и

социально-педагогические дисциплины» - «Послание Президента – устремленность к будущему», Добряев П.А., к.п.н., доцент кафедры «Всемирная история и социально-педагогические дисциплины» - «7 общенациональных ценностей – идейная основа нового казахстанского патриотизма».

Слова напутствия и добрых пожеланий в осуществлении пунктов Послания высказали ветераны труда Халам Жумашевич Суюншалиев и Меруерт Жолдыкайыровна Жолдыкайырова.

Кафедра оқытушыларының басын біріктірген отырыста әріптестеріміз Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауы туралы өз ойларын ортаға салды:



Атушева Маржан Камидулловна - информатика кафедрасының аға оқытушысы:

- Қазақстанның Мәңгілік елге айналуы кепілі біздің елді басқарып отырған әлем көшбасшыларымен бір деңгейде сөйлесетін, берген үделері орындалып келе жатқан, аты аңызға айналған тұлға - біздің президентіміз Н.Ә.Назарбаев.

Халықаралық бәсекелестіктің күрделі деңгейге көшкеніне байланысты көптеген асулардан өтіп, дамыған елдер қатарына кірудің басты құралы - еңбектену екенін атап көрсетті.

Информатика кафедрасының Мәңгілік Ел идеясын жүзеге асырудағы басты мақсаты - компьютерді қазақша сөйлететін білімді, білікті студенттерді даярлау.



Мухамбетова Ғайнеш Ғұмарқызы - информатика кафедрасының аға оқытушысы:

- Елбасымыз өз Жолдауында біздерге жақсы білім беруді, яғни бұдан да лайықтырақ болашақ сыйлауды көздейді. Иә, шынымен де, Елбасымыз әрдайым біздің оқуларымыз бен өсіп-өнулеріміз үшін барлық жағдайды жасауға тырысты. 2020 жылға қарай Қазақстандағы 3-6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі біліммен 100 пайыз қамту жоспарланғандығын айтты. Жеке өз басым ауылдық жерлерде бұл бағдарламаның орындалып, жүзеге асып жатқандығын көріп жүрмін. Біздің ауылымызда бұрын бүлдіршіндер мектепке дейін балабақша дегенді білмейтін.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев әлемдік деңгейдегі университет, зияткерлік мектептер ашып, «Болашақ» бағдарламасын құрды. Сонымен қатар орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу мен мектеп түлектерінің қазақ, орыс және ағылшын тілдерін білу керектігін атап өтті. Бұның өзі біз үшін, болашағымыздың жарқын болуы үшін үлкен көмек, аталған мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, еліміздің дамуына үлесімізді қосуға атсалысу - біздің парызымыз.

Сондықтан әріптестерімді Жолдауды қолдап, қоғамға қызмет етуге, мемлекетіміздің нығаюы жолында аянбай еңбектенуге шақырамын!

Бекенова Анаргүл Сағындықызы - информатика кафедрасының оқытушысы, техника ғылымдарының магистрі:

- Армансыз адам қанатсыз құспен тең. Биылғы Елбасымыздың Жолдауы, яғни 2050 Стратегиясы арманымыз бен бағытымызды айқындайтын шамшырақ болып табылады.

17 қаңтар күні Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» деген атпен Қазақстан халқына Жолдауын арнады. Қазіргі уақытта ұлттық көшбасшымыз Н.Ә.Назарбаевтың жүргізіп отырған саясатының арқасында «Қазақстан-2030» стратегиясы қолдау тауып өз мәресіне жетсе, ендігі меже өлемнің ең дамыған отыз елінің қатарынан көрінуді мақсат еткен «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасы. Жолдауда жеті басым бағыт бойынша елдің әлеуметтік жағдайын, экономикасын, саясатын, ұлттық тілімізді, дінімізді, мәдениетімізді дамыту мақсатында талап-тапсырмалар басты назарға алынған.

22 қаңтар күні «физика-математика» факультетінің информатика кафедрасында Елбасы Жолдауы талқыланды.

«МӘҢГІЛІК ЕЛГЕ» БАСТАЙТЫН МӘРТЕБЕЛІ ЖОЛ



Қазақстанның үздік отыздықтың ортасынан ойып орын алуы - ескең ұрпақ қолында. Өйткені, 2050 жыл - болашақ, ал болашақ - бүгінгі жастар. Дәстүрлі Жолдау жастарға жаңа міндеттерді жүктеді. Президент әр салада жұмыс істеп жүрген жас маманның ел дамуына сүбелі үлес қосуына бағыт сілтеді. Өз ісін бес сауақтай білетін, білімді маман ғана «Мәңгілік ел» жасауға қауқарлы. Олай болса, білім беру саласы - мемлекет болғаннан кейін бұл кезеңдегі басты мәселе.

Жолдауда білім саласына да ерекше басымдық берілді. Ең басты алдымызға қойған мақсаттың бірі, ол - сапалы білім беру. Ол қазіргі жаһандану проблемасына, бәсекелестікке шыдайтын білімді алу. Себебі, сапалы білім - кез келген мемлекет экономикасының тұрақты, әрі орнықты дамуының кепілі.

Мен он алты жыл бойы білім беру саласында ұстаздық қызмет етіп келемін. Алға қойған мақсатым - студенттерге сапалы да қолжетімді білім беру. Ол үшін үздіксіз ізденісте

болып, шығармашылықпен жұмыстанамын. Яғни, жастарға сапалы білім беру 2050 Стратегиясының басты мақсаттарының бірі болса, сол мақсаттарды іске асыруға өз үлесімді қосамын деп есептеймін.



Жангирова Балсұлу Истелеуқызы - информатика кафедрасының оқытушысы:

- Қазақстан халқына арналып отырған кезекті Жолдау «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасын жүзеге асырудағы 10 ілкімді идеяны қамтиды. Елбасымыздың Жолдауын мұқият тыңдап, зерделей ой түйдік. Қол жеткен жетістіктерді ешкім жоққа шығара алмасы анық. Сондықтан, көреген Елбасы жариялаған Жолдау межелерін жүзеге асыруда тұтастай халықтың ауызбіршілігі мен жауапкершілігі өте қажет.

XXI ғасырды Қазақстанның алтын ғасырына айналдыру мақсатында еліміздің жарқын жолы - «Мәңгілік ел» болу үшін қазақстандық патриотизмді, инновациялық жобаларды,

геология, археология, көлік, энергетика, экономика салаларын, ғылым-білім, шағын және орта бизнесті дамыту тетіктерін жан-жақты баяндаған Жолдауда Елбасы қоғамды ірікілместен дамыған мемлекеттердің қатарына ену жолында қызмет етуге шақырады. Осыған байланысты Қазақстан Үкіметінің алдына маңызды бірқатар тапсырмаларды қойды. Бұл ертеңге деген елдің үлкен сенімін арттыратыны сөзсіз.

«Халқы тату-тәтті, саясаты сарабал елдің ғана қазынасы қыруар, болашағы баянды болады. Ырыс — ынтымаққа жолығады, дәулет — бірлікпен толығады», демекші, Қазақстан — біздің жалғыз Отанымыз. Оның әрбір жетістігі үшін барлығымыз бір кісідей қуанатынымыз да сондықтан. Жер шары кең болғанмен, біздің Отанымыз — біреу ғана! Ол Тәуелсіз Қазақстан. Елімізге, жерімізге амандық, бақыт және даму несіп етсін. Келешегіміз баянды, ұрпақтарымыз несібелі болсын дегім келеді.

Өзінің қалыптасу шағында өркендеу елдері әркілі экономикалық, сондай-ақ әлеуметтік қиындықтарды бастан кешеді. Осы кезде жас мемлекеттердің экономикасын, инфраструктурасын, әлеуметтік, денсаулық сақтау, білім беру салаларын дамыту шағын міндеттемелері ғана. Осыған байланысты мемлекеттің дамуы үшін салауатты стратегиялық жоспарлаудың мәні өте зор.

Тәуелсіздігіміздің бірінші күнінен Н.Ә.Назарбаев мемлекетті, бүкіл халықты өмірдің барлық салаларында нақты нәтижелерге жетуге, біздің ауқаттылығымызды күннен-күнге артуына жетелеп келеді.

Елбасы халқымыз бір болып еліміздің жан-жақты дамуына ауқымды серпіліс жасап, Жолдаудағы көрсетілген мақсаттарға жететінімізге сенім артады. Қазіргі таңда қазақ елін әлем мемлекеттері танып отыр. Соның бірі Ұлыбритания еліндегі болған олимпиададағы еліміздің спортшыларының көрсеткен жетістіктері мен Халықаралық «EXPO-2017» көрмесінің Астанада өткізілуінің жоспарлануы. Бұл үлкен көрме жобасының өтілуі мемлекет экономикасының бір үлкен серпіліс жасауына себеп болады. Бұл ғылым мен жасау технологияның дамуына жаңа серпін беретін Қазақстан үшін ірі жоба болып табылады.

«Тіл — тіршілік бастауы» деп бекер айтылмаған. Ана тілі — халықтың өткен, қазіргі және келешек ұрпақтарын әрқашан біріктіріп тұратын ең сенімді құрал. Н.Ә.Назарбаев Жолдауда ана тіліне жанашыр танытып, оны жаңғырту жолында сөз қозғайды. Тек ана тілімізбен біз өз Отанымызды, өз халқымызды, салт-дәстүрімізді, тарихымызды танып білеміз. Сондықтан да Елбасымыз елімізде ана тілімізді дамыту жолында біраз істердің атқарылып, қаржының бөлініп жатқандығын, тіліміздің Мәңгілік тіл болатынын баян етті.

Болашағы бағдарлы, келешегі кемел, алдағы күндерге нық сеніммен, нақтылы мақсатпен адымдап бара жатқан Қазақстан елінің рухы асқақ, еңсесі биік, тәуелсіздігі баянды болсын!

Зухра МАКСИМҚЫЗЫ,
информатика кафедрасының оқытушысы

На пути своего становления развивающимся странам приходится проходить через множество преград, как экономических, так и социальных. Становление экономики, развитие инфраструктуры, социальной сферы, систем здравоохранения и образования – это только малая часть задач, которые приходится решать молодым странам. В этой связи роль грамотного стратегического планирования в развитии страны огромна. С первых дней независимости Президент Казахстана Нурсултан Абишевич Назарбаев шаг за шагом ведет нашу страну, весь казахстанский народ к достижению конкретных результатов во всех отраслях жизни, к постоянному улучшению нашего благополучия. Сегодня Казахстан – состоявшееся молодое государство, страна с большим геополитическим значением, чьи достижения и инициативы признаются мировым сообществом. И самое главное, наша страна имеет огромный потенциал и перспективы развития. Оглашение очередного послания Президента Казахстана в последние годы проходит в разное время. В этом году послание огласили 17 января. В этот же день, выслушав в прямом эфире выступление Н. Назарбаева, преподаватели и студенты обсудили Послание 2014 года «Казахстанский путь: Единая цель, единые интересы, единое будущее». Выступающие и участники круглого выразили согласие с пунктами нового послания.



МУХЛИСОВА З.К.,
кандидат исторических наук,
декан факультета истории и права

Обращение Н.А. Назарбаева к народу Казахстана является знаковым для всех нас, казахстанцев. Поскольку впервые выведена за годы суверенитета страны национальная идея – «Мәңгілік ел».

Послания Президента Республики Казахстан берут свое начало с 1997г., когда страна переживала нелегкие времена, она только-только выходила из системного социально-экономического кризиса, из психологической аномии, когда только обозначились внешнеполитические приоритеты. Это был грамотный шаг политика. Любой лидер должен исполнять обязательные функции. К числу важнейших функций лидера относится система взаимокommunikации с населением, существование обратной связи, вселение в граждан

государства социального оптимизма и новых идей. Все идеи Первого Президента в прошедшие 18 лет нашли горячий отклик в сердцах казахстанцев.

Сейчас, когда принята Стратегия–2050, обращение Нурсултана Абишевича 2014 г. пронизано путями разрешения стратегических задач страны.

Не случайно, Президент в самом начале своего обращения обращает внимание на то, что стратегическое планирование в XXI веке является правилом номер один, поскольку в мире сложилась непростая глобальная конкуренция, и легкой прогулки по XXI веку не ожидается. В этой связи Казахстан должен делать ставку на наукоемкую экономику. Поэтому повысится роль науки в жизни общества. Развитие науки требует ряда законодательных актов по защите интеллектуальной собственности.

Развитие науки тесно связано с развитием образования. В этом отношении нас, работников вузов, воодушевило заявление Президента страны о социально-экономическом стимулировании работников образования и студенчества. Так, в 2016 году размер стипендий повысится на 25 процентов.

Кроме того, была высказана мысль о переходе ведущих университетов в академическую управленческую автономию. Переход на режим автономии даст новый импульс к развитию новых научных открытий, саморазвития и самоуправления. Если провести исторические аналогии, то европейские университеты в Болонье, Париже в XI-XII вв., несмотря на засилье католицизма и феодальных распри, имет определенную автономию, которая дала свои плоды в эпоху Ренессанса, а затем, в период первой индустриальной революции.

Вместе с тем, мы работники вуза, хорошо понимаем, что состояние автономии – это большая ответственность, а не «необычайная легкость бытия». Именно нам придется, прилагая все усилия, ресурсы, интеллект, эту ответственную миссию выполнять.

Национальная идея «Мәңгілік ел» - это стремление развить идеи казахстанского патриотизма, казахстанской самоидентификации, чтобы на теоретическом и быденном сознании каждого казахстанца была твердая установка любви и почитанием нашего Отечества.



Нестеренко Г.И.,
кандидат экономических наук,
декан факультета экономики и управления

В Послании Главы государства (17.01.14г.) представлен план вхождения в 30 развитых стран мира. Предстоящие 15-17 лет должны стать «окном возможности» для масштабного прорыва Казахстана.

Президент страны Н.А. Назарбаев обозначил задачу: обеспечить в 2014 году рост экономики на уровне 6-7%, при этом ВВП на душу населения по итогам года должен составлять не менее 14,5 тысячи долларов, а к 2050 году - 60 тысяч долларов.

Для выполнения этих задач необходимо стратегическое планирование. Оставшийся период до 2050 года делятся на 7 пятилеток. В рамках данных пятилеток ключевым звеном работы государства будет создания условий для малого и среднего бизнеса, особенно в агропромышленном комплексе. Необходимо создание перерабатывающих предприятий, особенно в аграрном секторе. При этом фермеры должны иметь прямой доступ к долгосрочному финансированию и рынкам сбыта без посредников.

«Чем больше доля малого и среднего бизнеса в нашей экономике, тем устойчивее Казахстан», - отметил Президент.

Правительство должно помочь иностранным компаниям создавать производство в Казахстане.

Необходимо привлечение иностранных инвестиций и увелечение их объема. Планируется увелечить объем инвестиции с 18 до 30% от объема ВВП. Необходимо создавать с иностранными компаниями проекты, инжиниринговые центры, создавать в стране заводы по выпуску оборудования для нефте- и газодобычи, сельхозтехники, металлургического оборудования. Выполнение поставленных задач позволит Казахстану войти в число 30 высокоразвитых стран мира.

МЫНБАЕВА У.А.,
ст. преподаватель кафедры «Вокал и инструментальное искусство»

Послание Главы государства Нурсултана Назарбаева «Казахстанский путь-2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» прослушал профессорско-преподавательский состав кафедры «Вокал и инструментальное искусство».

Важно было услышать о достижениях страны и новых целях, стоящих перед обществом. Основной же задачей, поставленной перед народом нашей страны, является вхождение Казахстана в тридцатку развитых стран мира до 2050 года.

При прослушивании Послания коллективом кафедры было отмечено, что в нем озвучены очень высокие цели и мысли. Прежде всего, сформулирована казахстанская национальная идея сохранения навечно суверенитета нашего государства. Независимость страны была мечтой многих поколений казахов, и эта мечта осуществилась.

Президент также поставил большие задачи перед казахстанской культурой, которая, как и любая другая сфера, должна соответствовать мировым стандартам, должна быть узнаваемой.

Важными пунктами Послания стали вопросы, касающиеся здравоохранения, социальной защиты населения, развития села и молодежной политики. Предметом особой заботы Главы государства является образование, которое, по словам Президента, должно давать не только знания, но и умение их использовать в процессе социальной адаптации. Именно такое образование – залог дальнейшей успешности каждого нашего студента.

Хочется выразить огромную благодарность Главе государства за выдвинутую инициативу о создании новой модели оплаты труда гражданских служащих, за повышение с июля 2015 года зарплаты работникам образования на 29%. Мы полностью поддерживаем политику Президента, направленную на укрепление стабильности в обществе. Такое взаимопонимание и соучастие к каждому казахстанцу помогут нам реализовать планы и задачи, обозначенные Президентом в его Послании.



При заболевании срочно обращайтесь за медицинской помощью, не занимайтесь самолечением!

Г.Д.ЖУМАГАЛИЕВА,

*гл. специалист отдела профилактики туберкулеза
Департамента по защите прав потребителей*

2014 год - Год Синей лошади

Ах вы, кони, кони резвые!

Из истории коневодства

Труд специалистов конных заводов можно сравнить с трудом ювелиров. С незапамятных времен человек специализировался в области выведения лучших пород лошадей, а для этого ему нужно было и душу лошади познать, и свою в нее вложить, чтобы спустя годы специалисты и знатоки на конных испытаниях могли определить в отшлифованном «бриллианте» руку мастера.

Особое место в нашем коннозаводстве принадлежит трижды Герою Советского Союза Маршалу Советского Союза С.М. Буденному.

В первые годы Советской власти российское коневодство было разрушено, а некоторые ценные породы лошадей, такие как донская, орловская рысистая находились на грани исчезновения. С.М. Буденный возглавил организацию советского коннозаводства в широком масштабе, благодаря чему были восстановлены пострадавшие во время первой мировой и гражданской войн конные заводы и организованы новые.

С полным правом Пятимарцы гордятся своими земляками, прославившими отечественную и мировую науку. Здесь жили ученые, основоположники современного продуктивного коневодства профессора Ю.Н. Барминцев и М.Н. Борисов. В 1949 году сам С.М. Буденный приехал в Пятимарский племенное конезавод и остался доволен работой.

На Руси при Иване Грозном, обожествляя лошадь, ей приписывали чудодейственную силу. В «Лечебнике» того времени были записаны рецепты, в которых использовалось не только молоко, но и копыто, пот и пена.

Немного лирики

И мчатся кони, разносят по всему миру славу своих отцов и матерей, своих предков, передавших им не только свой «родовой герб», но и силу, выносливость, резвость.

Русские поэты в своем творчестве не раз обращались к образу этих прекрасных животных. Незабываемы стихи А.С. Пушкина, любившего верховую езду, П.А. Вяземского, Ф. Глинки, С.Есенина и многих других. Тройка резвых лошадей является символом широких степных просторов.

Разве можно не восторгаться конем – этим дивным созданием природы! У поэта Н.Заболоцкого есть такие строки:

И конь стоит, как рыцарь на часах,
Играет ветер в легких волосах,

Глаза горят, как два огромных мира,

И грива стелется, как царская порфира.

Поэт Расул Гамзатов стал автором песни «Берегите друзей», где есть такие замечательные слова:

Если верный конь, поранив ногу,

Спотыкнулся, а потом опять,

Не вини его – вини дорожку

И коня не торопись менять.



Ценность кушумской

Лошадь всегда играла исключительно важную роль в жизни и быту кочевников. Владеть лошадьми значило быть обеспеченным рабочей силой, мясом, молоком. В те годы в структуре рациона коренного населения конина занимала первое место среди других видов мяса, а кумыс – второе среди молочных продуктов.

Кушумская лошадь выведена в Фурмановском районе Западно-Казахстанской области на племенном конезаводе Пятимарский на протяжении 1930-1976 гг. и в качестве новой породы утверждена в 1976 г. Свое название она получила от реки Кушум. Порода выведена путем сложного воспроизводительного скрещивания местных казахских кобыл с жеребцами

заводских пород орловской рысистой, русской рысистой, чистокровной верховой и донской породой. 1930-1950 гг. проводили скрещивания и строгий отбор помесей желательного типа по экстерьеру и приспособленности к местным условиям. Работу вели в условиях содержания табунов на полын-саянково-злаковых пастбищах.

По своей плодовитости и высокой приспособленности к табуно-тебеночному содержанию Кушумские лошади практически не отличаются от местных. Местные лошади к 2,5 года имеют массу 330-360 кг, в то время как лошади кушумской породы 530-560 кг. Взрослые особи кушумской породы при достаточном крупном росте достигают 700-740 кг. Чемпион ВДНХ по кличке «Марш» имел постоянную живую массу 711 кг. Это результат племенной работы, обеспечивающей совершенствование наследственных качеств животных путем выведения новой высокопродуктивной породы.

Кушумская порода лошадей – специализированная порода мясо-молочного направления. Мясо кушумских лошадей характеризуется высокими пищевыми качествами, молочная продуктивность кобыл 15-22 л в сутки. Кумыс в народе называют напитком долголетия и здоровья.

Кстати, «кушумских лошадей» выращивают не только на мясо, но и для развозов, национальных видов конного спорта, а также для биологической промышленности.

Выведенная в наших степях уникальная лошадь – высокопродуктивная, круглогодично-пастбищная – является коммерчески привлекательной, поскольку не требует больших расходов. Она может использоваться исключительно великим спросом во многих странах мира. Сегодня в области их разведением занимаются в основном в Акжайыкском, Бокейординском, Жангалинском, Казталовском и Теректинском районах, где коневодство является особо выгодной отраслью животноводства.

Н.Р.МУЛДАХАНОВ,

*к.с.-х.н., доцент кафедры «Биология и экология»
Естественно-географического факультета
ЗКГУ им. Махамбета Утемисова.*




“Махамбет” ғылыми-зерттеу орталығының жаршысы

МАХАМБЕТ

(Голос Махамбета - Makhambet's voice)

дауысы



Аз сөйлер де көп тыңдар,
Қас асылдың баласы.

№ 1(7), ақпан, 2014 жыл

■ Ақиқатқа жүгінсек

Махамбеттану мәліметтері

(жалғасы)

* Махамбет ақынның өлең-жырларын өз жадында сары майдай сақтап, кейінгі ұрпаққа дәлме-дәл, айна-қатесіз жеткізген XIX ғ. аяғы мен XX ғ. бірінші жартысында ғұмыр кешкен қаратоқай беріш тегінің ақындары Мұрат Мөңкеұлы, Ығылман Шөрековтерге бүгінгі қауым шексіз риза. Бұл жағдаятты бүгінгінің бірі білер, бірі білмес.

* Академик Қажым Жұмалиев 1937 жылдан Махамбет өмірі мен шығармашылығын зерделей келе, 1958 жылы жаз айларында атақты ақын Тайыр Жароков екеуі БҚО (бұрынғы Орал облысы) шығармашылық іссапарда болып, «Орал өңірі» газеті арқылы Махамбет бабамыздың жерленген жерін білетін азаматтарды сұрастырады.

* Басылым бетіндегі сұрауға сол кездегі Тайпақ ауданының Котельников селосының (қазіргі Ақжайық ауданы, Алмалы ауылы) тұрғыны қаратоқай беріш Құрақ Бектұрғанов өлең етіп, Махамбет жерленген жерді, тіпті қабірдің орнын білетіндігін айтады.

* Құрақ ағамыз 1909 жылы Қызылқоға ауданы (қазіргі Атырау облысының жері) Қарабау деген жерде туған. Бектұрған – Исатай мен Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне белсене қатысушы, Құрақтың үшінші атасы. Бектұрғаннан Тәшен және Жақсығұл, Тәшеннен Құрақтың өз әкесі Дінмұхамед, Жақсығұлдан Сапа, Жұмағали, Құрақтан Қайыр, Амангелді, Аманғали, Ғұмар, ал Жұмағалидан Бисен мен Кәрім тараған.

* Құрақтың әкесі Дінмұхамед 1952 жылы, 69 жасында қайтыс болған. Ол мұсылманша сауатты, Махамбет өлеңдері мен ескі хисса-жырлардың көбін жатқа білетін зерек кісі болған.

* 1951 жылы жаз айларында Дінмұхамед қасына Құрақ баласын ертіп ата-бабаларының басына дұға етуді жоспарлайды. Жолай Гурьев облысы, Есбол ауданындағы мен Индер тауы мен Индер тұзды көлінің оңтүстік шығыс беткейінен 15 км жердегі мидай далада орналасқан шағын бейітке соғады. Жер тегіс болғанмен алыстан көрінетін бұл қауымда ешқандай биік, белгі болатындай тамдар, тіпті екі, төрт құлақты мазарлар жоқ, тек жер жағдайын терең білетін ескерімді адамдар ғана табар шағын бейіт екен.

* Дінмұхамед ақсақал Құрақ ұлымен бейіт басына келгеннен кейін әуелі қауымдағы жерленген адамдардың аруақтарына арнап дұға оқыған соң, бейіттің терістік батыс бетіндегі алдыңғы бұрышта жерленген болар-болмас төмпешік топырағы бар, шөптен басқа белгісі жоқ зиратқа арнайы дұға оқиды.

* Бұл қауымның орны ертеде Қабанбай - Қарақалпақ (қазіргі Қараой) аталған. Осы жердегі суы тұщы құдық көлге қонып жүретін елдің қона жатып кідіретін, ат-көліктерін доғарып, арқайын тынығып тыңайып аттанатын жері болған. Бұл ретте атақты қазақ ақыны Мұрат Мөңкеұлы (Беріш руының қаратоқай аққұлы) бұл жерлерге орайлас «Иманқұл, Кетебай мен Аю, Дендер, Шалықтап көшуші еді біздің елдер; Қабанбай, Қарақалпақ, Малайсары, Кенжеден көрінеді жердің бәрі...» деген өлең жолдар қалдырған. Көшпенді ел бұл тұсты «Малайсары құдығы» атаған.

(жалғасы келесі санда)

А.С. ҚЫДЫРШАЕВ,

«Махамбет» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығының директоры

■ Махамбет сөздігі

«Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан»

«Атқанын қардай боратқан, Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан, Арыстан еді-ау Исатай! Бұл фәнидің жүзінде, Арыстан одан кім өткен?!» («Тарланым» өлеңінен) Қай жазушы, қай ақын болсын, шындық болмысты образ арқылы суреттейді. Жоғарыдағы контексттегі «Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан» тіркесі арқылы ақын хас батыр образын тудырып тұр. Күнделікті тұрмыста көк шыбық - ағаштың бұтағы, жапырағы жоқ, ұзын да жіңішке, солқылдақ жас өркен. Алайда, **шыбық** сөзінің бұл семантикалық мағынасы ақын тіліндегі **көк шыбық** тіркесінің семантикалық сипатын ашып бере алмайды. Десек те, ақын қолданысындағы мағынаны дәл айтып беру қиындау. Біздіңше, төмендегіше болжам жасауға болады: **1. Көк шыбық** – бұл қылыш (семсер). Ғалым Қ.Мұқаметхановқа сүйенсек, зерттеуші келтірген «Әділ сұлтан» жырындағы «Орақтың ұлы Қарасай, Шалқасқаны мінеді енді, Көк шыбығын байланып, Ғаскерінің Қарасай, Басы болып жүрді енді» үзіндісіндегі «көк шыбық» сөзі «қылыш» мағынасын береді. Олай деуімізге дәлелді негізді татар әдебиетінен табамыз. «Чура батыр хикаяте» атты дастанда Шағали ханның қызы Сарқанидың батырлардың әрқайсына өз дәрежесіне қарай сыйлық үлестіргені баяндалады. Шора батырға бір алтын қобди береді. Бұл сыйлыққа батырдың көңілі толмай, қобдиды ашып та қарамастан тастай салады. Бірнеше күн шайқасқа шықпай жатып алады. Шағали хан қызы Сарқаниды батырға жолдап, шайқасқа шықпай шалқалай жатуды себебін сұратады. Сонда Шора батыр Сарқаниға: - Мен саған өкпелеп жатырмын, сен маған құр қобди бердің, ал басқа батырларға сауыт бердің, - дейді. Сонда Сарқани сұлу: - Қане, батыр сол қобдиды ашып қарашы, - дейді. Шора батыр қобдиды ашып қараса, ішінде **«Көк шыбық» («Кук чыбык»)** атаулы қылыш бар екен. Шора батыр мұны көріп, қызға риза болып, әскерімен аттанып, дүйім жауды жайратып тастайды. Сөйтіп, батырға әдейі арнап соқтырған әйгілі қиғыр қылыш **«Көк шыбық»** аталып, ерлік жырларында ежелден қолданылатын бейнелі сөз болғанын аңғарамыз. Демек, зерттеуші Қ.Мұқаметханов келтірген тілдік деректерде **көк шыбық мықты (көк) қылыш** ретінде айшықталады. **2. Көк шыбық** тұрғысында **садақ** та аталуы мүмкін. Оған дәлел мына өлең жолдары: «Орақтың ұлы Қарасай, Шалқасқаны ту астында жықтырып, Көк шыбықты орта белден бүктіріп, Көк сырлы оғын төктіріп, Баданадай сауытын, Тері тондай жыртырып...» («Әділ сұлтан»), не болмаса, **«Жас шыбықтан жай тарттың, Жалғыз шиден оқ аттың...»** («Ер Тарғын»). **3. Біздіңше, Махамбет тіліндегі көк шыбық жебе (садақтың оғы) ұғымында. Бұған дәйек ретінде жоғарыда көрсетілген Махамбет ақынның өлеңіне қарасақ, мазмұнына бойласақ жеткілікті. «Адырнасын ала өзгздей мәңіреткен, Атқан оғы Еділ, Жайық тең өткен, Атқанын қардай боратқан,**

Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан, Арыстан еді-ау Исатай!». Байқағанымыздай, шумақтың мазмұнына сәйкес контексттегі **«атқан оғы, атқаны»** сөздері негізгі мағынаға тірек бола алған. Бұл орайда **«көк шыбық»** сөзінің мағынасын **«жебе» (садақтың оғы)** тұрғысында болжауға негіз бар. **«Көк шыбық»** тіркесінің **«жебе»** мағынасы **«қандыауыз»** сөзіне байланысты айшықтала түседі. **Қандыауыз** сөзінің бірнеше мағынасы бар. Соның бірі – қару-жараққа қатысты. Мысалы, **«Тасада мерген кезенген, Қанды ауызға жолығар»** (Ауыз әдебиеті); **«Қатынасы биік көлдерден, Қатар түзеп ку ұшар. Алғасап тез оқ ата көрмеңіз, Қандыауыздан сыйлы жебе сайламай»** (Шалқуиз); **«Аударылмас қара кемедей, Қандыауызға сырлап салған жебедей»** («Ер Шобан»). Келтірілген өлең жолдарының мазмұнына қарағанда, **қандыауыз** – «садақ» ұғымында. Демек, ұзын сөздің қысқасы, Махамбет ақынның **«Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан»** тармағындағы, ақынның **«қандыауыз»** сөзі **«садақ»** мағынасын танытса, **«көк шыбық»** тіркесі **«жебе»** мағынасында жұмсалады.

Түйіндей айтсақ, **«Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан»** тұрғысындағы өлең тармағы нағыз батыр қолбасының сөз өнеріндегі мәңгілік бейнесі. Ақын қайталанбас батыр тұлғасын

■ Сәтті аударма

Ода Исатаю

Исатай, мой брат, велик,
как кольчуги воротник,
иль надежный, крепкий щит,
от врагов он защитит.
Был всегда он другом черни,
для хановичей же – зверем.
Он, конечно, свирепел,
но, однако, не зверел.
Например, он мог однажды
изрубить ползучих гадов,
но в итоге /вот досада!/,
пробудилась в нем пощада...
Лет четыре или пять
обречен он воевать,
все же ханскую гордыню
смог батыр наш потоптать.
...Конь – детеныш кобылицы.
Быль не отпрыск небылицы...

■ Жаңғырық

Батыр баба өсиетіне сай болсақ!..

Өткен жылы қасиетті білім ордамызда ақын аты берілген киелі шаңырақта батыр, ақын, дауылпаз күйші Махамбет Өтемісұлының туғанына 210 жыл толуына орай дәстүрлі «Махамбет оқулары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткені мәлім. Бұл атаулы жиынға Батыс өңірінің бетке ұстар азаматтары, еңбек сіңірген қоғам қайраткерлері қатысып, жастарға керемет сіңімді тарихи сөз арнап, Махамбет сынды біртуар ақынның өлеңдері мен жалынды жырларының түбі терең мағынасын жас жүректерге жеткізуге тырысты. Махамбет өмірінің бізге мәлім де беймәлім тұстарын таразылап, тағы бір жаңа тарихтың парағын ашты. Сөз барысында Ақжайықтың ақ шағаласы атанған Ақұштап апамыз Махамбеттің ұрпағы екенімізді үнемі мақтаншыпен айтып, қазақтың қайсар рухын жүректерден өшірмеуімізді тілге тиек етіп, жас қауымға өзінің парасатты пайымын білдірді. Конференция аясында махамбеттану ғылымындағы олқылықтар мен тарихтың ашылмай жатқан тұстарын болашақтың еншісіне қалдыру туралы да сөз қозғалды. Десек те, менің айтайын дегенім, бабамызды сөзбен ұлықтап, ауызбен орақ орып жатқанымызбен, іс жүзіне келгенде тарихтың тамырына тісіміз батпай жүргені айқын көрінеді. Айталық, Орал қаласындағы БҚМУ-ға Махамбет есімі берілгенімен, әлі күнге бабамыздың бір ескерткіші университет алдына қойылмағаны қынжылтады. Тәуелсіздіктің тұғырында тұрып, осы күнді аңсаған асыл ұлдың арманына кейінгі ұрпақ қол жеткізгенімен, еліміздің тірегі еңселі Елордамызда Махамбет атына бір көше бұйырмауы да біз үшін сын болып тұр. Тізбектей берсек, олқылықтар таусылмасы шындық... Бірақ ауызды қу шөппен сүрткен тағы болмас. Егемен ел болғалы тарихты насихаттауда, соның ішінде махамбеттануға ерекше назар аударылып, ақымды жұмыстар атқарылғаны да ақиқат. Өзіміз іргесін қаламасақ та, 2003 жылы Ақжайық төріндегі университетке Махамбет атының берілуінің өзі – бүгінгі және кейінгі ұрпақ алдындағы өнегелі іс.

Ақиқаты сол, қазақтың жігерлі де жалынды жастары барда елі үшін егесіп,тебінгі терлеткен батыр бабалар аты өшпек емес. Әсіресе, Махамбет есімі елмен бірге, егемендікпен бірге мәңгі жасайды. **Қазақтың Қабдоловы айтпақшы, “Махамбет Абайдан кейінгі ақындардың ақыны, Абылайдан кейінгі батырлардың батыры”**. Демек, осындай біртуар батырдың ұрпақтары бабалар өсиетін ұран ете жүріп, көк аспан астында көк байрақты құлатпай, рухы биік, арманы асқақ, тәуелсіздігі тұғырлы, ұлағатты ұлт болары анық! Осыған лайықты болмасақ, жас ұрпақ бізге ұят емес пе!.. Сөзімің соңын Махамбет баба рухына бағышталған жүрекжарды төл туындыммен былайша түйіндегім келеді:

Жалын сөзбен жырлар ескен құрыштай,
Ар-намысын жібермеген уыстан.
Өрлі өлеңің өткір-өткір жүзімен,
Әділдікке жол табуға тырысқан.

Шындық деген ұран бар жүрегінде,
Аямаған күшін де, жігерін де.
Ақиқаттың айнымас жолын салып,
Басын тіккен сан рет мың өлімге.

Қазаққа жұлдыз болып жаратылған,
Айбынды ері елімің дара туған,
Бостандықтың боз ала туын жықпай,
Халқы үшін түн ұйықтамай, таң атырған.

Мейрамбек Сыдықов,

«Филология: қазақ тілі» мамандығы, 02106-топ студенті

«көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан» тіркесі арқылы биік мәртебеге көтерген, қайталанбас образ тудырған. Демек, әр сөзін орында, дәл ме дәл төге білу ақынның дүлдүлдігін, сөз ұсталығын тағы бір айқындай түссе керек-ті.

Айдана Татаханова,

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы,
02201-топ студенті

Иса-еке наш не боится
правду-быль, беду народа
всему ханскому отродо
сыпануть в глаза и лица.
Здесь сидящий Иса-еке
вместе с шеями врагов
много снял шоломов с плеч,
испуская вражью кровь,
напоил булатный меч.
Разве ветра-аргымака
породит обычный конь?!
Храбрецы среди казахов
уродятся ли, как он?!

Перевод Б.Карашина

“Махамбет дауысы”- “Голос Махамбета”-
“Makhambet's voice” жаршысының жауапты редакторы - А.С. Қыдыршаев, тілшілері - Гүлнұр Исмағұлова (орталық әдіскері), Мөлдір Латифова (“Филология: қазақ тілі” мамандығы, 02105-топ)

Сөз анасы – құлақ, су анасы – булақ, қол анасы – таяқ.

Шешендік мектебі

(Школа ораторского искусства - School of oratory)

Сырым Датұлы атындағы шешендік өнерге баулу бірлестігінің жаршысы

№ 1(5), ақпан, 2014 жыл



■ Көшбасшы тұлға сөйлеу мәдениеті

Құрметті студент! Өткен жылы университетіміздің «Өркен» газетінің бетінен «Көшбасшы тұлға сөйлеу мәдениеті» айдары ашылды. Алғашқы кеңестерімізді жариялап та жібердік («Сөз сөйлеуге қалай даярланамыз?» // «Өркен» газеті, 2013, қазан, №9.-11-б., қараша, №10.-15-б.; «Шебер экспромт сөз сөйлей білеміз бе?» // «Өркен» газеті, 2013, желтоқсан, №11.-7-б.) Айдар материалдарына назар аударған, үніле оқыған студент-жастар өз ризашылықтарын ауызекі білдіріп те үлгерді. Сіздердің қолдау пікірлеріңізге арқа сүйеп, 3-кеңесімізді ұсынып отырмыз. Оқығайсыз! Оқып, ой түйген соң, газетті келесі құрбыңа бергейсіз. Не қып алып қойғайсыз. Сөйтіп жалғасып жатса игі болар еді. Қазақ баласы өсіп, толысар еді деген тілек қой... Айдарды бүгіннен бастап профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев пен магистрант Аяғұл Құдайбергенқызы Әбуғалиева жүргізеді.

Қарым-қатынас мәдениеті туралы не білеміз?

Іскерлік қарым-қатынас – алуан қызмет жүйесіндегі адамдар арасындағы байланыстар дамуының күрделі де сан қатпарлы үдерісі. Бұған қатысушылар ресми статуста сөйлей отырып, нақтылы міндеттерге негізделген жедел мақсатты нысаналайды. Бұл үдерістің басты ерекшелігі – уақытты мөлшерлі пайдалану. Сөйлеу сәтін мөлшерлі пайдалану – ұлттық мәдени дәстүрлермен, кәсіби этикалық қағидаттармен анықталатын бекітілген өлшемдерге бағыну деген сөз. Әрине, бізге ресми байланыс орнатудың алуан түрлі жағдаяттармен орайлас «жазылған» не «жазылмаған» норма тәртіптері мәлім. Қызмет барысында қабылданған тәртіп жүйесі, сәйкесінше бұл ретте орнымен кідіре, ауытқи, өзгерте білу формалары іскерлік этикет делінеді. Оның басты функциясы – адамдар арасындағы өзара түсіністікке септесер ережелерді қалыптастыру. Бұл орайдағы маңызды қағидаттардың бірі – ыңғайлылықты ескеру, жинақылықты жақтау және тәжірибе негіздеріне сүйену.

Жалпы іскерлік этикет құрамына енетін қағидаларды төмендегідей екі топқа жіктеуге болар еді. Бірі - белгілі бір ұжымның өзара тең дәрежелі мүшелері арасындағы қарым-қатынас жүйесінде жүзеге асатын нормалар. Екіншісі - ұжым басшысы мен оған бағыныштылар арасындағы байланыс қалпын анықтайтын нормалар. Ал жалпы қағидалы талаптар сапына жеке симпатия мен антипатияға байланыссыз барлық жұмыста әріптестермен, қарсыластармен жасалатын жылы жүзді, ескерту бағытында жүзеге асатын қарым-қатынастар нормаларын қосар едік.

Іскерлік қарым-қатынас – адам өмірінің аса қажетті бөлігі, өзге адамдармен қарым-қатынас жасаудың маңызды түрі. Осы қарым-қатынастың мәңгілік әрі басты қозғаушы тетіктерінің бірі ретінде этикалық нормаларды танымыз. Бұлар арқылы біз адамдар іс-әрекетіндегі жақсылық пен зұлымдық, әділдік пен әділетсіздік, дұрыстық пен бұрыстық туралы көзқарастарымызды, пікір-түйіндерімізді аңғартамыз. Өзімізге бағынышты адамдармен, басшымызбен, не әріптестерімізбен іскерлік ынтымақтастықта қарым-қатынас жасай отырып, әрқайсысымыз қалай болғанда да саналы не стихиялы тұрғыда осы этикалық нормаларға арқа сүйейміз, оларды тірек етеміз.

Десек те, адам атаулы моральдық нормаларды түсіну дәрежесіне қарай, қарым-қатынас кезінде оны ескеруіне байланысты өзінің іскерлік деңгейдегі қарым-қатынасын жеңілдетпек. Оны мейлінше тиімді қолдану арқылы алға қойылған мақсатқа қол жеткізуде бірден-бір жәрдемші ете аламыз. Сондай-ақ этикалық нормаларды жөнімен тиімді қолдана, үйлестіре білмеушілік қарым-қатынасты күрделендіріп қиындата түспек. Мәселен, жас маман (басшы) өзінің әкесіндей кісімен қандай іскерлік қарым-қатынаста болуы тиіс? Күле қарасаң, көйлегіне жамау сұрайтындар жетіп артылады. Бұл ыңғайда қандай қағидат ұстану тиімдірек? Жас басшы өз замандас, құрбыларымен күліп-ойнап, әзілдесуді іштей жек көрмейді. Іскерлік қарым-қатынасқа сәйкесті жас маман өзін қалай ұстауы тиіс?

Ал, іскерлік тұрғыда өзара әсер ету сол сәттегі регламенттің сақталуы не сөзге мән беру арқылы да анықталмақ. Сөйлеу этикетінің сақталуы – тілдік норма тәртібінің қоғамдық талқылаулардан өтуі. Сәлемдесу, өтініш, алғыс секілді т.б. этикеттік жағдаяттарды (Мәселен, «Сәлематсыз ба!», «Мархабат етіңіз!», «Кешірім сұрауға рұқсат етіңіз!», «Сізбен танысқанымға қуаныштымын!») ұйымдастыруға мүмкіндік беретін типтік тұрғыдағы даяр «үлгілер» арқылы жүзеге асуы. Бұл секілді құрылымдар әлеуметтік, психологиялық тұрғыдағы аспектілерді және жас ерекшеліктерін ескере екшеледі. Өзара әсер ету тұрғысындағы қарым-қатынас негізіне адамдардың бір-бірімен байланыс орнатуы, белгілі бір ақпарат алмасуы арқылы өзара бірлескен іс-әрекетті жүзеге асыруы, ынтымақтастықты қалыптастыруы жатады. Өзара әсер ету қалпындағы қарым-қатынас еш кедергісіз жүруі кезінде байланыс орнату (танысу); қарым-қатынас жағдаятына ыңғайлану, кідірістерді іріктей білу; қажетті мәселені талқылау; мәселені шешу; байланысты сәтімен аяқтау секілді кезеңдер сақталуы шартты.

Қызметтік байланыстар өзара тиімді әріптестік, бәсекелестік бастамалар негізінде құрылып, өзара сұраныстар мен қажеттіліктерден, ортақ істен туындауы тиіс. Сөзсіз мұндай ынтымақтастық тұрғыдағы байланыс іскер маман белсенділігін арттырмақ, өндірістің, бизнестің технологиялық үдерісінің

факторы болмақ.

Кімде-кім адамдармен істес болғысы келсе, жақсы ойлана білуі өз алдына, одан да жоғары ғажап сөйлесе білуі тиіс. Ал іскерлік қарым-қатынас басқарудағы қарым-қатынас этикасы мен іскерлік сөйлеу мәдениетін қамтиды. **Мақсат – көшбасшы іскер студенттеріміздің бойында қазіргі заман құндылықтарына бағытталған, ізгілік көзқарастарға негізделген адамгершілік идеяларын қалыптастыру.** Біздіңше, осы орайдағы теориялық, практикалық білім негіздері өзара және әлеуметтік іскерлік қарым-қатынас салаларында іскерлік, коммуникациялық жетістіктер, табысты әрекеттер әкелері сөзсіз. Олардың ертеңгі басшы, жетекші маман ретінде де, әріптес ретінде де тиісті этикет ережелерін сақтай білулері кәсіби шеберліктерін де шыңдамақ. Қай деңгейде де іскерлік қарым-қатынаста сөйлеу мәдениеті туралы, аудиторы алдында сөйлеуге дайындалуға бағыт беру ережелері, өз тыңдаушыларының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері туралы мағлұматтар ауадай қажет. Нәтижеде осы реттегі практикалық жұмыстар арқылы коммуникативтік дағдылар іске асырылып, іскерлік қарым-қатынас ерекшеліктерін әркім өз тәжірибесі елегінен өткізе алмақ.

Ал жалпы іскери қарым-қатынастағы «вертикальды», «горизонтальды» байланыстардың этикалық қырлары туралы білеміз бе? Қызметкерлермен тіл табыса қарым-қатынас жасай білу іс-әрекеттің нәтижесін танытатыны аян. **Бұл арада діңгек іспеттес этикалық алтын қағида: өзіңізге бағынышты адамдармен байланысыңызды басшыңыздың сізбен қарым-қатынасының қалай болғанын қалауыңызға сәйкесті келуі.** Бұл реттегі іскерлік қарым-қатынастың ұтымды нәтижесі қол жеткізілуіне өзін бағыныштыларымен байланыста қолданар этикалық нормалармен, қағидаттарымен анықталмақ. Бұлардың сапына қызмет бабындағы этикалық мәдениеттің қайсысы тиімді, қайсысы тиімсіз екендігін ескеру еңбек. Алғашқы кезекте бұл бағыттағы нормалы қағидаттар іскерлік қарым-қатынас табиғатын аңғартатындай басқару үдерісіндегі ұйғарымдардың негізіне, берілуіне, қызметтік тәртіпке бірден-бір байланысты. Ал бұл арадағы іскерлік қарым-қатынас этикасының сақталмауы көпшілік адамдарды ұжымда өзін адамгершілік тұрғысынан қорғаныссыз сезініп, ыңғайсыз күйге түсірмек. Басшының өз қызметкерлерімен байланысы іскерлік қарым-қатынастың тұтастай құрылымына, оның адам психологиялық табиғатын айқындауға әсер етпек. Нәтижеде дәл осы деңгейлер дәрежесінде қарым-қатынас мәдениетінің эталондық қағидаттары қалыптаспақ. Бұл орайдағы іскерлік қарым-қатынастың қағидалы үлгілерінің бірқатары төмендегіше: өз ұйымыңызды қарым-қатынастың жоғары моральдық нормаларына сәйкес бірлігі мықты ұжымға айналдыру. Қызметкерлерді ұйымның алғы мақсаттарына жұмылдыра білу. Адам атаулы ұжым мүшелерімен тығыз бірлікте екендігін толық аңғарғанда ғана өзін адамгершілік жағынан да, психологиялық жағынан да еркін сезінетіндігін ескеру; жауапкершілік мәселесіне байланысты проблемалар туындаған жағдайда басшы атаулының оның басты себептерін анықтауы. Проблема білімсіздіктен (надандықтан, мәдениетсіздіктен) туындап жатса, онда қарауыңыздағы қызметкерлердің әлсіз, кем тұстарын олардың бетіне басып үнемі айта бермеу. Қайта оның кемшіліктерін жоюға, толықтыруға қандай жәрдем жасай аларыңды ойлану; қызметкерлерге этикалық нормаларға сәйкесті ескерту жасау. Жағдаят турасында барлық ақпараттарды жинау, сәйкесінше қарым-қатынастың лайықты формасын таңдау. Ескертпелерді көзбе-көз тек оңаша отырғанда ғана айту; адамның жеке басын емес, оның іс-әрекетін сынау; қажетіне қарай комплимент айта отырып, сынды сыналап жеткізу амалын қолдану. Іскерлік қарым-қатынасты достық нотасында аяқтау; өзіңізге бағынышты адамдардың жеке өміріне орынсыз араласпау; қызметкерлердің бәріне бірдей тең құқылы мүше ретінде қарау; қызметкерлердің ұтымды қадамын, жақсы табысын мадақтауға келгенде мүддірмеу, жылы сөзінді аяп қалмау; ортақ іске қатысты жіберген қателіктерді жасырмау, бүгіп қалмау; қарауыңыздағылардың алдында әрдайым адал болу; белгілі бір ұйғарым жасарда әр түрлі нюанстарға сәйкесті мөлшерлі жағдаятты және қызметкердің жеке тұлғалық қалпын ескеру.

Ал «төменнен жоғары» қарайғы іскерлік қарым-қатынас қызметкердің өз басшысымен арадағы байланысын аңғартпақ. **Бұл орайдағы қарым-қатынас мәдениетінің этикалық**

қағидасын бір ауыз сөзбен «қарауыңыздағы қызметкерлер сізге қандай қалыпта қарым-қатынас жасауын қаласаңыз, сол деңгейде басшыңызбен де байланыс орнату жөн» деуге болар еді. Жалпы өз басшысымен қалай тіл табыса білудің өзі қарауындағыларға қандай адамгершілік талаптары негізінде байланыс орната алудан бірден-бір кем емес. Бұл реттегі іскерлік қарым-қатынасқа бірден-бір қажетті этикалық қағидалар үлгілерінің біразы төмендегіше: ұжымда әділ байланыстарға негізделген адамгершілік тұрғыдағы өзара ниеттес, тілектестік бағыттағы атмосфераны қалыптастыруға көмектесу; өз көзқарасыңызды тықпалауға не оған ақыл үйретуге ұмтылмау. Өзіндік ұсыныстарыңыз бен ескертпелеріңізді орнымен орнықты да мәдениетті түрде білдіру; қатқыл түрде кесіп-пішкен тонда үзілді-кесілді бағытта сөйлеспей; үнемі адал да әділ, сенімді болу, жағымпаздық, жарамсақтықтан аулақжүру. Өзіндік мінезіңіз, ұстанымыңыз болғай.

«Горизонтальды» қарым-қатынас – тең дәрежелі әріптестер арасындағы іскерлік байланыстар. Бұл арадағы этикалық қағидалы діңгек: «Іскерлік қарым-қатынаста әріптесіңіздің сізге қалай қарағанын қаласаңыз, сіз де онымен сондай қатынас ұстану. Белгілі бір жағдаятта өзіңізді қалай ұстауда қиналасыз, өзіңізді әріптес орнына қоя білу». Әрине, әріптесаралық іскерлік қарым-қатынастың тиімді нормалық қағидаттарын реттеу мен жағымды тон табуында оп-оңай шаруа еместігін ескеру артық болмайды. Бұл орайда ұстаным боларлық қағидалы үлгілер төмендегіше: ортақ істі орындаудағы жауапкершілік пен құқықтардың нақты да дәл бөлінуіне қол жеткізу; өз жауапкершілігіңізді қарауыңыздағыларға аудару салмау; әріптесіңіз туралы күні бұрын жаман ойда болмау. Олармен қарым-қатынаста мүмкіндігінше сенімсіздіктен, есек-аяннан ада болу, ондайларды маңайыңызға жолатпау; әңгімелесуші әріптесіңізді өз атымен атап, ретіне қарай бұны жиі қайталап отыру; диалогтасушыңызға жылы қатынасыңызды білдіру мақсатында достық пейілде болу; қолыңыздан келмейтін нәрсеге үде бермеу. Өзіңіздің іскерлік мүмкіндіктеріңізді тым асыра бағаламау; өзіңізді емес, өзгені тыңдауға тырысу; диалогтасушыңыздың сізге жат еместігін, ұнайтындығын сөзбен, көзқараспен, ым-ишаратпен сездіру. Жымия отырып, көзіне тура қарау; әріптесіңізге өзіңіздің жеке мақсатыңызға қол жеткізудің құралы емес, сыйлауға тұрарлық тұлға ретінде қарау.

Жинақтап айтсақ, іскер маман әдеби-адамгершілік нормаларының, бағалау құндылықтарының, оның өз міндеттеріне, жұмыс мақсатына, іскерлік тұрғыдағы диалогтасушыларына қарым-қатынасын анықтайтын тәртіп ережелерінің жиынтығы. Демек, іскер маман әдеби-оның жан дүниесінің эстетикасы.

Қысқасы, бүгінгі қоғамдағы жас интеллектуал мамандардың іскерлік қарым-қатынас мәдениетінің аспектілерін жете білуі бастаған ісінің сәтті өрлеуіне кепіл болмақ. **Қадірлі дос! Біздіңше, ақыл-парасаты, сана-сезімі және қиялдай білуі қалыпты жас адам егер де жігерлі жұмыс жасар болса, кез келген уақытта да іскер тұлға танылмақ. Ендеше, ұрыста тұрыс жоқ. Білек сыбана іске кіріс!**

■ Жауқазын

Қадірлі дос! Жауқазын – көктем мезгілінде алғаш бұршік жарып, жайқалатын гүл. Жауқазын – жақсылықтың жарқылы, жаңалықтың жаршысы. Поэзия әлеміне қанат қаққан дарынды жастарымызды жауқазынға телуіміздің сыры да осында. «Шешендік мектебі» жаршысының бетінен жас таланттарымыздың шығармашылығын қолдау мақсатында «Жауқазын» айдарын ашып отырмыз. Қабыл алыңыз! Қалыс қалмаңыз! Еш жерде жарияланбаған тың туындыларыңызды күтеміз.

Шешендік өнерге баулу бірлестігі

Риза Құрманязова,
«Филология: қазақ тілі» мамандығы,
02305-топ студенті



Ауыл-ана

Гүлдеген өсем әуен ырғақты,
Жібек желің маңдайымды сипап шын.
Айлы түнің тағы маған сыр тақты,
Жан дүниемді ұғынғандай анау шын.
Жымындаған ұлдыздарың көктегі,
Мені күтіп қуанып бір жатқандай.
Қалаға мен жатсам егер кеткенді,
Алтын таңың ренжіп маған атқандай.
Жойылмаған балалықтың бояуы,
Анау бақтан, анау бұраң жолдардан.
Қайда кеткен сол кездерім баяғы,
Іздеймін мен сонау балғын жылдардан.
Тынысым да тарылмай шығар демім,
Искесем жасыл шөбін, кезсем көлін,
Айқара ашса ауыл-ана кең құшағын,
Қайтқым келмей тұрады кері менің.
Ауыл-ана, сен неткен құдіретті едің!

Егіз ұғым

Бір-бірімен жарасып-ақ тұратұғын,
Тірек болып бұл екі сөз мына өмірде.
Сырды да айқызбай-ақ ұғатұғын,
Сұлу сезім тұнып тұр бір өзіңде.
Бұл екеуі лапылдаған от, жалын да,
Қол жетпейтін биігіндей құзар шыңның.
Тоғысқан ақ сезімнің жолдарында-
Сен және мен деген егіз ұғым.

«Шешендік мектебі» (Школа ораторского искусства) - «School of oratory» жаршысының жауапты редакторы – А.С.Қыдыршаев, тілшісі – Мөлдір Серікқалыева (02105-топ, «Филология: қазақ тілі» мамандығы)

Қара шаңырағымызда біз асыға күткен, толқыта күткен алғаш рет өткізілген «New fashion industry of WKSU» атты жаңа жоба да өз мәресіне жетті. Сондай тебіреніспен басталған бұл байқау қатысушыларды номинациялармен марапаттаумен қорытындыланды. Айта кетсек: үздік стилист, үздік дизайнер, үздік фотограф байқаулары өз мәресіне жетті. Жобаның ең қызықты кезеңі және негізгі мақсаты «Miss Makhambet University 2013» атағына ие болатын бойжеткенді табу еді. Байқауды ұйымдастырушылар - режиссура мамандығының 3-курс студенті Ж.Мырзагереев, МТЖ мамандығының 3-курс студенті М.Амангелді, дизайн мамандығының 3 курс студенті Ж.Хайырболатова, дизайн мамандығының 5-курс студенті М. Галиева.

«New fashion industry of WKSU» жобасы қорытындыланды



Иә, кім-кім де киелі сахнада жарқын бейнесін қалдырғысы келеді. Оны қатысам деп ынтыққан студенттер жанарынан байқауға болады. Міне, енді шешуші сәттің қорытындысы көз алдымызда. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші мыңнан тұлпар боп шыққан «Үздік стилист – 2013» номинациясының жеңімпазы дизайн мамандығының 1 курс студенті М. Утеева, сол номинацияда макияж және визаж өнерімен ерекше көзге түскені үшін бейнелеу өнері және сызу мамандығының 3 курс студенті А.Аристамбекова дипломмен марапатталса, үздік шаш үлгісін жасағаны үшін дизайн мамандығының 1 курс студенті Ә.Сахипова дипломмен марапатталды. «Үздік фотограф - 2013» номинациясының жеңімпазы дизайн мамандығының 2 курс студенті Е.Нұрмағанбет атанды, аталмыш номинациясында ерекше креативті идеяларымен көзге түскені үшін дизайн мамандығының 1 курс студенті А.Сакембаев дипломмен марапатталса, бейнелеу өнері және сызу мамандығының 1 курс студенті А.Тлемберлиева фотоларының жоғары сапасы үшін дипломмен марапатталды. «Үздік дизайнер - 2013» аталымы бойынша дизайн мамандығының 4 курс студенті С.Манашова жеңімпаз атанды, ал жаңашылдығымен ерекшеленгені үшін дизайн мамандығының 3 курс студенті Р.Сарбалиева дипломмен марапатталды, дизайн мамандығының 2 курс студенті Ж.Калымова жұмысының ерекше техникасымен көзге түскені үшін арнайы дипломмен марапатталды. «Miss Makhambet University - 2013» номинациясында актерлік шеберлігімен көзге түскен экономика және басқару факультетінің студенті А.Даулеткалиева арнайы дипломмен марапатталды, жеңіске деген ұмтылысы үшін арнайы дипломмен тарих факультетінің студенті А. Жумагулова марапатталды.

Айтпақшы, жобаның ең негізгі жеңімпазы кім дейтін боларсыздар?! Ол бізді де таң қалдырған «Miss Makhambet University 2013» атағының иегері, жаңа жұлдыз, дизайн мамандығының 1 курс студенті Каюпова Айдана болды.

Осындай сыры мен сиқыры тоғысқан алып жобаны алғаш қолдаған адамды біреу білсе, біреу білмес! Естеріңізге сала кетейік студенттер жанарынан жарқын кейіпте орын алған, әрқашан көмек қолын созып жүретін, № 7 оқу ғимаратында әр студенттің ауқаттануына өзіндік үлес қосатын ағамыз ИП М.Е.Нұрланбаев осы жобада да өз демеушілігін аямаған болатын. Мәдениет және өнер факультетінің атынан ерекше құрметпен алғысымызды білдіре отырып, жанұясына береке-бірлік, жұмысына шығармашылық табыстар тілейміз!

Байқаудың демеушілері: ИП М.Е.Нұрланбаев,

сән салоны «Гламур», «Бибигуль» мейрамханасы. Қолдағандар: Центр печати ұжымы, «Эверест» студиясы, «Avan-Garde» фотостудиясы, «Жас Отан» жастар қанаты және ақпараттық қолдаушы «Makhambet University» атты интернет жүйесіндегі ресми группасы, Қазақстан-Орал телеарнасы және университетішілік «Өркен» газеті.

Тлектес ЗИНЕЛОВА,
мәдениет және өнер факультетінің
1-курс студенті

С шуткой по жизни

Шутки и смех - дело серьезное. Если не верите, то спросите сами у веселых и находчивых ребят из сборной КВН ЗКГУ «Мемлекеттік құрама», завоевавших признание у высокого жюри во главе с президентом Казахстанской Лиги КВН Е.Елеуеном в Алматы. Ведь шутить на сцене родного вуза, когда каждый в зале тебе знаком, и пытаться рассмешить столичного зрителя – это совершенно разные вещи. Но ребятам поверили и оказали поддержку в родном вузе, за что они благодарят руководство ЗКГУ им.Махамбета Утемисова. На пресс-конференции КВН-щики отвечали на вопросы своих поклонников.

25-26 января команда «Мемлекеттік құрама» в составе: капитан Сапарғали Жанайдар, Рахметов Камбар, Арыстек Ернар, музыкант Хасенов Мади, Утешов Нурдаулет, вокалистка Какимова Бактоты, а также Сулейменов Дастан – студент педколледжа и Демисинов Азамат – студент ЗКАТУ – пройдя кастинг, выступили на Республиканской Алматинской Открытой лиге, о чем свидетельствует сертификат, выданный самим Есеном Елеуеном, президентом казахстанской игры КВН «Жайдарман».

–Наша команда – как одна семья. Ведь шутки, как это ни парадоксально звучит, очень серьезное и ответственное занятие. Рассмешить – это статья своим, задеть самые тонкие, внутренние струны человека, – рассказывает о своей любимой игре капитан команды Жанайдар. – Мы стараемся делать наши шутки серьезно, избегая плоских шуток и навивших оскомину передразниваний с языковой мешаниной. Наступило время шутить красиво, на хорошем казахском языке. Шутки рождаются коллективно. Мы тщательно проверяем, проигрывая ситуации, затем проверяем в узком кругу, насколько она смешная. И только если ни у кого в команде не осталось равнодушных – считай, шутка удалась. Юмор мирового уровня – наша цель.



Этих красивых ребят, что называется, любит сцена. Каждый их выход - яркое и незабываемое явление. И цели у них самые далеко идущие. Ведь как показал опыт КВН-движения в России, преемнице СССР как родины этой игры, именно из КВН вышли сотни артистов кино, телеведущих, продюсеров. И если именно наши студенты, вооруженные знаниями, полученными в ЗКГУ, продолжают это веселое дело, то можно считать, что отечественное телевидение будет в надежных и позитивных руках.

А пока предстоят еще турниры, шутки, репризы, сценки и учеба. Шутка может не только разрядить обстановку, а стать чем-то вроде лакмусовой бумажки. Смеетесь вместе, значит, вы на «одной волне».

–А еще здорово помогает при знакомстве с девушками! – не удержался от шутки один из звезд Камбар Рахметов.

Құрметті Сания Сағдиевна!

Сізді 60 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Біз Сізді ұлағатты да беделді ұстаз, белгілі ғалым, сүйікті жар, аяулы ана, ардақты әже ретінде білеміз.

Өмір жолыңызда еңбексүйгіштік, белсенділік секілді қасиеттермен ерекшеленіп, парасатты да рухы биік шәкірттер тәрбиелеуде қажырлы еңбек етіп келесіз.

Бұл орайда Сіз талантты ізбасарларыңыздың ыстық ықыласына, әріптестеріңіздің алғысына лайықты адамсыз деп есептейміз.

Сіздің деніңізге саулық, жанұяңызға шаттық, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке, еңбегіңізге жеміс тілейміз!

Ізгі ниетпен, менеджмент және кәсіпкерлік кафедрасының ұжымы



Құттықтаймыз!

Тәуелсіздік туы желбіреген қазақ елінің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақ. Сол жас жеткіншектердің жоғары білім алып, бойына ізгілік нұрын дарытуы ұстазына байланысты. Осындай ізгілік нұрымен қаруланған БҚМУ-дың мәдениет және өнер факультеті ұстаздарының бірі - Нағымова Мендіғаным Мергенбайқызы. Ұстазы білікті болмай, шәкірті білімді болмайды. Мендіғаным Мергенбайқызы - іскер басшы, терен білімді, үнемі ізденіс үстінде жүретін, шығармашылықпен жұмыс жасайтын алдыңғы қатарлы тәжірибелі ұстаз, өзінен кейінгі ұстаздардың ақылшысы. Университеттің ғана емес еліміздің де қоғамдық саяси өміріне белсене араласып отыратын М.М.Нағымова - біз үшін мақтанш! Мендіғаным Мергенбайқызы бүгінде мәдениет және өнер факультетін бітіріп жатқан жастардың білімі терең, ой-өрісі кең, талғамы биік, арманы асқақ болуына үлес қосып келеді.

«Адамның - адамшылығы жақсы ұстаздан»- деп, ұлы Абай айтқандай, ел үшін білім алып жатқан жас ұрпақтың азаматтық парасаттылығының биік, рухани адамгершілік ұстанымының жоғары болуына зор үлес қосып жүрген БҚМУ мәдениет және өнер факультеті, музыкалық білім кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., доцент Нағымова Мендіғаным Мергенбайқызы 2013 жылдың 11 желтоқсанындағы ҚР мәдениет және ақпарат министрлігінің №302-к бұйрығымен «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Құрметті Мендіғаным Мергенбайқызы! Сізді «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, зор табыстар тілейміз. Әрдайым шығармашылық шабытпен еңбек етіп, әр күнініз жігер-қайратқа, жаңа күш-қуатқа, қуаныш пен берекеге тола берсін!

Мәдениет және өнер факультетінің ұжымы



ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.
ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.
Индексі 090006. Таралымы 2000

РЕДАКТОР:

Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА

КОРРЕКТОР:

Светлана БЕККУЖИЕВА

ТІЛШІЛЕР:

Гүлфани ЕРСАЙЫНОВА, Данагүл ЕРҒАЛИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.